

Алматы облысы Панфилов ауданы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын ішкі бақылау бойынша талдамалық анықтама

2017 жылдың 1-тоқсанында аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдарда мемлекеттік қызметтің 92 түрінен жалпы **8 382** қызмет көрсетілді. Оның ішінде көрсетілетін қызметті берушілер (Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілгендерді қоспағанда) қағаз түрінде көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны – **2 986**, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді «электрондық үкімет» веб-порталы және (немесе) Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету мүмкіндігі болса да, қызметті берушілермен (Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілгендерді қоспағанда) қағаз түрінде көрсетілгендер – **598**, электрондық түрде көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны – **1 307**, Мемлекеттік корпорация арқылы – **3 050**, «Е-лицензиялау» МДҚ арқылы – **441** қызмет.

2017 жылдың 1-тоқсанына Панфилов ауданы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасына ішкі бақылауға жауапты аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру бөлімшесі барлығы 2 бақылау іс-шарасын жүргізді.

Бақылау іс-шаралары «Панфилов ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі», «Панфилов ауданының спорт және дене шынықтыру бөлімі» мемлекеттік мекемелерінде жүргізілді. Нәтижесі бойынша екі мекемеге де көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы хабардар болуын қамтамасыз ету мақсатында аудандық газетте, аудан әкімінің ресми сайтына материал беру, қызмет алушылар арасында кеңінен насихаттау ұсынылды.

Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту, Қазақстан Республикасының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнамасының бұзылуы фактілері, қарау мерзімдері бұзылған мемлекеттік қызметтер тіркелген жоқ, оның көрсету сапасына шағымдар түскен жоқ.

Ауданда жалпы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру бойынша аудан әкімінің ресми сайтына (www.panfilov-akimat.gov.kz) 2 мақала, 87 адамға түсіндірме іс-шаралары жүргізілді.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын жоғарылату, мерзімінің бұзылуына жол бермеу, мамандардың жауапкершілігін көтеру мақсатында ағымдағы жылдың 16 ақпанында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Алматы облысы бойынша филиалы – «Халыққа қызмет көрсету орталығы» департаменті Панфилов аудандық бөлімінің, қызмет көрсететін мекеме басшыларының, аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ әкімдерінің қатысуымен семинар өткізілді.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы № 816 қаулысына сәйкес «Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама беру», «Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден

өткізу», «Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыруға рұқсат беру» мемлекеттік қызметтері (пилоттық жоба) ауданда 2017 жылдың қаңтар айынан бастап қызмет көрсетудің біртұтас провайдері болып табылатын Мемлекеттік корпорация арқылы ғана көрсетілуде.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз ету мақсатында ағымдағы жылдың 2 наурызында «Халыққа қызмет көрсету орталығы» Панфилов аудандық бөлімінде жоғарыдағы қызметтерді көрсететін аудандық сәулет және қала құрылысы, жер қатынастары бөлімдерімен бірлесіп семинар өткізілді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында қызмет көрсететін барлық мемлекеттік органдарда стенд жасалып, стандарт пен регламент мәтіні ілінген, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қатысты арыз, шағымдар болған жағдайда хабарласуға болатын байланыс телефондары жазылып, арнайы жәшік қойылған.

Хаттамалардың, актілердің, мақалалардың көшірмелері, скрин-шоттары, фотоесептер қосымша тіркеледі.